

## Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 16 наурыз N 279. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.08. N 810 қаулысымен. ~P970810

"Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы N 1228 Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ әділет органдары мен мекемелерін ұйымдастыру және материалдық-техникалық жағынан нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылған - ҚР Үкіметінің 1995.12.19.

N 1741 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі функцияларының кеңеюіне  
б а й л а н ы с т ы :

Әділет министрлігі орталық аппаратының шекті штат саны 160 адам болып  
б е л г і л е н с і н ;

облыстар мен Алматы қаласы әділет басқармаларының, Ленинск қаласы  
әділет бөлімінің жалпы штат саны 125 адамға көбейтілсін;

Әділет министрлігіне министрдің 5 орынбасары, соның ішінде бір бірінші  
орынбасары және 13 адамнан тұратын алқа болуына рұқсат етілсін;

Әділет министрлігіне қызметтік 8 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан  
Республикасының Әділет министрлігі мен әділет басқармаларына қосымша  
бөлінетін бірліктерді, қажетті компьютер және ұйымдастыру ісінің техникасын,  
жиһаз, автокөлік сатып алуын және басқа да шығындарын, сондай-ақ Қазақстан  
Республикасының Әділет министрлігінің заң шығару ғылыми-зерттеу  
институтын ұстауға қажетті қаражатты ескере отырып, бюджет қаржысының  
шекті сомасын белгілейтін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заң шығару ғылыми-зерттеу  
институтының ғылыми бағдарламасы мен қызметінің тақырыптық бағдарын  
қарап, бекітсін және оған бағдарламаны жүзеге асыруына арнап тиісті қаржы  
б ө л і н е т і н б о л с ы н .

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Алматы қаласының

әкімі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі орталық аппаратының және заң шығару ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері үшін жыл сайын 2-3 мың шаршы метр тұрғын үй бөлуді қарастыратын болсын.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне министрлік қызметкерлерінен босаған мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын алаңын қайталап қоныстандыру құқы берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің тапсырыстары бойынша министрліктің аппараты мен жаңадан құрылған заң шығару ғылыми-зерттеу институты үшін қосымша телефон нөмірлері мен үкімет байланысы нөмірлерін бөлетін болсын.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен заң шығару ғылыми-зерттеу институты үшін 650 шаршы метрден кем емес қызмет үй-жайын бөлетін болсын.

8. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері: азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін

қозғайтын шешімдер жобаларын құқықтық сараптаудан өткізу үшін тиісті әділет басқармаларына табыс ететін болсын;

әділет органдары мен мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөнінде шаралар қолданатын болсын.

9. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы ережені бекіту туралы" 1992 жылғы 2 маусымдағы N 485 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж, N 22, 350-бап/ күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 16 наурыздағы  
N 279 қаулысымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі республикалық орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Министрлер Кабинетінің актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Әділет министрлігі өзіне жүктелген міндеттерді орындай отырып, Қазақстан Республикасы әділет органдарының бірыңғай жүйесін құратын аумақтық әділет басқармаларына /бөлімдеріне/, нотариалдық кеңселерге, АХАТ органдарына, оқу орындары мен ғылыми мекемелерге басшылықты қамтамасыз етеді.

Әділет министрлігі, оған қарасты органдар, мекемелер мен оқу орындары республикалық бюджет қаражаты есебінен ұсталады.

Әділет министрлігі заңды тұлға болып табылады, оның қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі болады.

Әділет министрлігі заң газетінің, нормативтік құқықтық актілерді, анықтама-әдістемелік материалдарды ресми жариялауға маманданған "Әділет министрлігінің хабаршысы", "Халықаралық шарттар, келісімдер және Қазақстан Республикасының жеке заң актілерінің бюллетені" журналдарының, сондай-ақ Ұлттық заң агенттігінің құрылтайшысы болып табылады.

Құқықтық реформаны кешенді тұрғыда жүзеге асыру мақсатында Әділет министрлігінің жанынан Құқықтық реформа жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылады.

2. Әділет министрлігінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: республиканың саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріндегі құқықтық негіздерді бекітуге жәрдемдесу, заң жобаларын әзірлеу жұмыстарын ғылыми және практикалық тұрғыда қамтамасыз ету, нормативтік құқықтық актілер жобаларының құқықтық және криминологиялық сарапталуын, сондай-ақ қабылданатын заңдардың тиімділігін болжауды қамтамасыз ету;

заңдарды жетілдіру мен жүйелеу, Қазақстан Республикасы нормативтік актілерінің эталондық бақылау банкіні жүргізу, республикада бірыңғай құқықтық ақпарат жүйесін құру, министрліктер мен басқа да басқару органдарына анықтама-кодификациялық жұмыстарында әдістемелік көмек көрсету;

құқықтық және сот реформасын нақты жүзеге асыру жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету және үйлестіру;

заң кадрларын даярлау және қайта даярлау; республикалық әділет органдарын, мекемелері мен соттарын кадрлармен қамтамасыз ету, олардың еңбегін тиімді пайдалану үшін жағдайлар жасау; құқық ғылымының дамуына және оның жетістіктерін республиканың

мемлекеттік, шаруашылық және әлеуметтік құрылысында пайдалануға жәрдемдесу;

соттардың, соның ішінде әскери соттардың қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

халықаралық шарттар мен келісімдер жасасу жөніндегі Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының қызметіне құқықтық әдістемелік басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасына шетел құқықтық көмегін үйлестіруді жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын немесе ведомствоаралық сипаты бар нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету, республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімін жүргізу;

заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктері мемлекеттік тіркеуді, заңды тұлғалардың тізілімін жүргізуді, сондай-ақ қоғамдық және діни бірлестіктердің жарғылық қызметін бақылауды жүзеге асырады;

жергілікті өкілетті және атқару органдары аппараттарында және халық шаруашылығында құқықтық жұмыстың деңгейін көтеруге жәрдем ету;

азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен қоғамдық бірлестіктерге құқықтық көмек көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

құқықтық білімді насихаттау, жаппай құқықтық оқулар мен заңдарды түсіндіруге қатысу.

Ескерту. 2-ші тармақтың он бірінші абзацы жаңа редакцияда -

ҚРМК-нің 1995.10.13. N 1327 қаулысымен.

3. Әділет министрлігі өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

өз тарапынан немесе Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің, Президентінің, Министрлер Кабинетінің тапсыруы бойынша заңдардың, жарлықтардың, қаулылар мен басқа да нормативтік актілердің жобаларын әзірлейді, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің заң шығарушылық бастамасы ретінде даярланатын заңдар жобаларының бас әзірлеушісі болып табылады;

министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етілетін құқықтық актілер жобаларына құқықтық сараптауды жүзеге асырады;

әзірленетін заңдар, жарлықтар, қаулылар мен басқа да нормативтік актілер жобалары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер жарғыларының жобалары жөніндегі министрліктер мен басқа да мемлекеттік басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелер мен оқу орындарының пікірлері мен ұсыныстарына сұрау салады, олардың өкілдерін заң жобаларын даярлау

жөніндегі комиссиялардың /жұмысшы топтардың/ құрамына тартады;  
заңдарды жүйелеу және кодификациялау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады,  
заңдар мен нормативтік актілер жинақтарын, кодекстер мен басқа да заң  
әдебиетін шығарады, тұтынушыларға құқықтық ақпараттық қызмет көрсетуді,  
анықтама-әдістемелік материалмен, автоматтандырылған жүйелерді пайдалана  
отырып заң құжаттарының үлгілерімен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен  
ведомстволарының халықаралық шарттар мен келісімдер жасасу жөніндегі  
қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасына шетел құқықтық көмегін  
үйлестіруге құқықтық әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

республика министрліктері мен ведомстволарына сыртқы экономикалық  
байланыстарды құқықтық тұрғыда қамтамасыз ету мәселелері жөнінде кеңестер  
б е р е д і ;

өз құзыры шегінде шет елдермен құқықтық ынтымақтастық туралы шарттар  
жасасып, олардың орындалуын ұйымдастырады;

басқа мемлекеттердің соттарында, халықаралық соттарды республиканың  
мүдделерін жақтайды, оның азаматтарының құқықтық қорғалуын қамтамасыз  
е т е д і ;

соттардың тәуелсіздігін нығайту жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге  
а с ы р а д ы ;

республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен  
ведомстволарының нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады,  
Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен  
ведомстволарының нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімін жүргізеді,  
жалпыға бірдей мағлұматтар үшін ведомстволық нормативтік актілердің  
тіркелген тізбесін жариялауды ұйымдастырады;

заң кадрларын даярлау жөніндегі, әділет мекемелері мен сот органдарында  
кадрларды іріктеу және олардың резервін құру, қызметкерлерді аттестациялау  
және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, жас  
мамандарға қажеттілікті анықтайды, республика заң оқу орындарын  
бітірушілерді қызметке бөлуге қатысады;

жергілікті өкілетті және атқару органдарының аппараттары мен халық  
шаруашылығында құқықтық жұмысқа әдістемелік басшылықты жүзеге асырып,  
оны жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді, заң қызметкерлерінің озық  
тәжірибесін қорытып, таратады, заң кеңесшілерін оқыту және олардың  
біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысқа қатысады;

мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғары және орталық органдарын,  
Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетелдің қатысуындағы  
кәсіпорындарды, шетелдік заңды тұлғалардың өкілдері мен шетелдің

қатысуындағы кәсіпорындарды, шетелдің қатысуындағы қоғамдық қорларды, республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық бірлестіктерді, халықаралық және шетелдік қоғамдық бірлестіктерін, филиалдары мен өкілдіктерін, республиканың екі және онан да көп облыстарының аумақтарында жұмыс істейтін діни басқармаларды (орталықтарды), сондай-ақ олар құрған діни оқу орындарын, монастырларды және басқа бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ заңды тұлғалардың және Әділет министрлігі аумақтық органдарының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері жөніндегі заң актілерінің талаптарын сақтауын бақылайды;

АХАТ органдарының азаматтық хал актілерін тіркеу туралы ережесін бекітеді және оларға әдістемелік көмек көрсетеді;

азаматтық-құқықтық мәмілелер мен құқық белгілейтін құжаттарды нотариалдық куәландырудың сапасы мен түсініктілігін қамтамасыз етеді;

адвокатура қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады, біліктілік алқаларының адвокаттық қызметпен шұғылдануға лицензия /патент/ беру тәртібін анықтайды; Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгіленген тәртіппен азаматтар мен заңды тұлғаларға құқықтық қызмет көрсету жөніндегі жұмыспен шұғылдануға лицензияларды тіркейді және табыс етеді;

мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың құқықтық насихат жөніндегі жұмысына әдістемелік басшылықты жүзеге асырып, үйлестіреді, жаппай құқықтық оқуларға қатысып, заңдарды түсіндіреді;

заң шығару ғылыми-зерттеу институтының, заң институтының, Республикалық құқықтық ақпарат орталығының, Қазақ сот сарапшылық ғылыми-зерттеу институты мен әділет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі республикалық курсының қызметтеріне басшылық етеді; сот сарабының және оқу ісін жүргізудің практикасы мен жетілдіру жөнінде шаралар қолданады ;

әділет органдары мен соттарды, олардың ғимараттарын салуды және жөндеу материалдық-техникалық жабдықтау мен қаржыландыруды ұйымдастыруды, оларда бухгалтерлік есеп пен есеп берудің дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді, әділет және сот қызметкерлерін материалдық және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді, сот қызметін ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз ету жөнінде басқа да шаралар қолданады;

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотымен бірлесе отырып облыстық / Алматы қалалық/ және аудандық /қалалық/ халық соттарының жұмысына кешенді тексеру жүргізеді, сондай-ақ сот істерінің қаралу мерзімдерін, үкімдер мен шешімдердің орындалуының, материалдық зиянның орны толтырылуының жай-күйін, алдын-ала профилактикалық қызметін, хаттардың, шағымдар мен арыздардың қаралып, шешілуі жайын тексереді;

сот статистиксын жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, бұл материалдарға талдау жасап, пайдаланады;

Әділет министрлігінің органдары мен мекемелерінің қызметіндегі кемшіліктер туралы шағымдарды, арыздар мен хаттарды қарайды;

заң жобалау, сараптау, зерттеу жұмыстары мен консультацияларды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен ғылыми ұйымдарды, мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін, мамандар мен сарапшыларды, солардың ішінде шетелдік мамандар мен сарапшыларды, бұл мақсатқа арнаулы бюджеттік және бюджеттен тыс, соның ішінде шетел валютасындағы қаражатты пайдалана отырып, тарады;

Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, қайта ұйымдастырылған және жойылған заңды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің тізімін өзінің ресми баспасөз органында тоқсан сайын жариялап отыруды жүзеге асырады;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметке тікелей және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

республиканың ғылыми, ғылыми-зерттеу институттарымен және жоғары оқу орындарымен бірлесіп құқықтық және құқықтық-тәрбие жұмыстарының ғылыми негіздерін, оның нысандары мен әдістерін жетілдіруді ұйымдастырады, социологиялық зерделеу жүргізеді.

Ескерту. 3-ші тармақтың 14-абзацы жаңа редакцияда және жаңа абзацтармен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.10.13.

№ 1327 қаулысымен.

Е с к е р

4. Әділет министрлігіне Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалып, босатылатын Министр басшылық етеді. Министр Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің құрамына кіріп, Республика Жоғарғы Кеңесіне Президент пен Министрлер Кабинетінің құқық мәселелері жөніндегі өкілеттігін жүзеге асырады.

Министр Қазақстан Республикасы әділет жүйесінің барлық органдары мен мекемелері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарып, нұсқаулар береді.

Ә д і л е т м и н и с т р і :

Әділет министрлігінің қызметіне басшылық етеді және Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауап береді;

орынбасарларының арасында міндеттерді бөледі және оларға министрлік пен оның қарамағындағы органдар мен мекемелер қызметінің жеке салаларына басшылық ету жауапкершілігін жүктейді;

орталық аппараттың басқармалары мен бөлімдері, аумақтық әділет

басқармалары, сондай-ақ министрліктің қарамағындағы органдар мен мекемелер туралы ережелерді /жарғыларды/ бекітеді;

заңда белгіленген тәртіппен республика соттарын құру және олардың саны туралы, судьяларды сайлау, мерзімінен бұрын босату және кері шақырып алу, оларды аттестациялау, оларға біліктілік сыныптарын беру туралы ұсыныстарды енгізеді;

Республика Жоғарғы Кеңесі пленумының қарауына соттарға, соның ішінде әскери соттарға, қолданылып жүрген заңдарды пайдалану мәселелері жөнінде басшылыққа алатын түсініктемелер беру туралы ұсыныстар енгізеді;

белгіленген тәртіппен министрлік аппаратының қызметкерлерін, облыстық, Алматы қалалық әділет басқармалары мен Ленинск қалалық әділет бөлімінің, заң шығару ғылыми-зерттеу институтының, заң институтының, Республикалық құқықтық ақпарат орталығының, Қазақ сот-сарапшылық ғылыми-зерттеу институтының және әділет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі республикалық курсының басшыларын, сондай-ақ олардың орынбасарларын қызметке тағайындап, қызметтен босатады;

республикалық әділет органдарының, мекемелерінің, соттарының қызметкерлерін ынталандыру және оларға материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді;

судьялардың тәртібі жөнінде іс қозғайды, министрліктің орталық аппараты қызметкерлеріне, қарамағындағы әділет органдарының, мекемелерінің басшылары мен мамандарына тәртіп жөнінде жаза қолданады.

Әділет министрлігі аппаратының, облыстық, Алматы қалалық әділет басқармалары мен Ленинск қалалық әділет бөлімінің, облыстық және Алматы қалалық соттарының, заң шығару ғылыми-зерттеу институтының, заң институтының, Республикалық құқықтық ақпарат орталығы мен әділет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі республикалық курсының, шығындар сметасын, штат кестесін, Қазақ сот-сарапшылық ғылыми-зерттеу институты, халық және әскери соттары, нотариалдық кеңселер қызметкерлерінің саны мен шығындар сметасын бекітілген қаржы шегінде белгілейді;

өзіне заң арқылы берілген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Министр орнында болмаған жағдайда Министр міндетін Министрдің бірінші орынбасары немесе орынбасарларының бірі атқарады.

Ескерту. 4-тармақтың 12 абзацынан сөз алынып тасталған - ҚРМҚ-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде құрамына Министр /төраға/, лауазымы бойынша министрдің орынбасарлары, заң шығару ғылыми-зерттеу институтының, заң институтының, Республикалық құқықтық ақпарат орталығының, министрліктің жетекші басқармалары мен бөлімдерінің



басшылары және олардың жекелеген қызметкерлері енетін алқа түзіледі.

Әділет министрлігінің алқасы өз мәжілістерінде министрліктің жұмысын ұйымдастыру және оның іс-қимыл бағытының негізгі мәселелерін қарайды, қарамағындағы органдар, мекемелер мен оқу орындары, министрлік аппаратының басқармалары мен бөлімдері басшыларының осы Ережеде көзделген мәселелер бойынша есептері мен хабарламаларын, сондай-ақ облыстық, Алматы қалалық соттарының, аудандық /қалалық/ халық және әскери соттарының сот қызметін ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ақпараттарын тыңдайды, министрлік әзірлеген заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті актілерінің жобаларын, министрліктің аса маңызды бұйрықтары мен нұсқаулықтарының жобаларын талқылайды.

Министр мен алқа арасында келіспеушілік болған жағдайда Министр орын алған келіспеушіліктер туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне баяндай отырып, өз шешімін жүзеге асырады.

## Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 16 наурыздағы  
N 279 қаулысымен  
Бекітілген

### Ведомстволық нормативтік актілерді мемлекеттік тіркеу тәртібі туралы Е Р Е Ж Е

1. Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қозғайтын немесе ведомствоаралық сипаты бар нормативтік актілерді, олардың іс-қимыл жасау мерзіміне /тұрақты немесе уақытша/ және олардағы мәліметтер сипатына қарамастан, "ерекше маңызды" және "аса құпия" деген белгі қойылғандарынан басқасы, жатады.

3. Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының нормативтік актілері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуге оларға тиісті мемлекеттік басқару органының басшысы қол қойып немесе бекіткеннен кейін қазақ және орыс тілдерінде үш дана болып табыс етіледі.

Нормативтік актіні бірнеше министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар қабылдаған жағдайда оны мемлекеттік тіркеуге ұсыну актіге қол қойғандардың немесе бекіткен ішінде бірінші болып көрсетілген органға жүктеледі.

#### 4. Нормативтік актіге:

нормативтік актіні шығару негіздері /министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың құзыры, жоғары органның шешімі, басқа да жағдайлар / ;

осы мәселе жөнінде бұдан қабылданған нормативтік актілер туралы және оларды өзгерту туралы ұсыныстардың даярлануы немесе мемлекеттік тіркеуге ұсынылған актінің қабылдануына байланысты күші жойылған деп тану туралы мәліметтер көрсетілген анықтама тіркеледі.

Ұсынылған нормативтік актіге министрліктің, мемлекеттік комитеттің немесе ведомствоның хатшылығы немесе заң қызметі басшысының визасы, ал тіркелген анықтамаға қолы қойылуға тиіс.

Нормативтік актілерді осы Ережеге сәйкес ұсыну үшін жауапкершілік министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың басшыларына жүктеледі.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеуді нормативтік актінің табыс етілген сәтінен бастап 30 күн ішінде жүзеге асырады.

Нормативтік актіні қосымша зерделеуді жүргізу және сарапшыларды тарту қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тіркеу мерзімін ұзарталады.

6. Ұсынылған ведомстволық нормативтік акт жөнінде оның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігіне құқықтық талдау жүргізіліп, Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары бекіткен қорытынды шығарылады.

7. Тіркелген ведомстволық нормативтік акт Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүргізетін Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының нормативтік актілерін мемлекеттік тіркеу Тізіліміне енгізіледі.

8. Нормативтік актіні тіркеуге мынадай жағдайларда рұқсат етілмеуі мүмкін,

егер

мұндай

акт:

азаматтардың заңдарда белгіленген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірсе немесе оларға заңдарда көзделмеген міндеттерді жүктейтін болса; оны шығарған орган құзырының шегінен шығатын болса; мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттер және ведомстволармен келісілмеген болса, егер мұндай келісім міндетті болған жағдайда.

9. Мемлекеттік тіркеуге рұқсат етілмеген нормативтік актілерді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі оларды шығарған органға олардың заңдарға сәйкес келмейтіндігі туралы қорытындымен бірге қайтарып береді.

Актісін тіркеуге рұқсат етілмеген министрлік, мемлекеттік комитет немесе ведомство рұқсат етілмеуі туралы шешім жөнінде сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

10. Мемлекеттік тіркеуден кейін нормативтік актінің бір данасы оған берілген тіркеу нөмірімен бірге тиісті министрлікке, мемлекеттік комитет немесе ведомствоға жіберіледі.

Ведомстволық нормативтік актілер оларға мемлекеттік тіркеу нөмірі берілген күннен бастап, егер актінің өзінде оның күшіне енуінің кешендеу мерзімі белгіленбеген болса, күшіне енеді.

Нормативтік акт таратылған және жарияланған кезде мемлекеттік тіркеу нөмірі мен тіркелген күніне сілтеме жасау міндеті болып табылады.

11. Мемлекеттік тіркеуден өткен ведомстволық нормативтік актілерге енгізетін өзгерістер мен толықтырулар осы Ережеде белгіленген тәртіппен тіркеуге жатады.